

Қазақстан Республикасы мен Жапонияның Экспорт-Импорт банк арасындағы займ беру туралы келісімдерді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің ЖАРЛЫҒЫ 1995 жылғы 15 қыркүйек N 2458
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Жапонияның Экспорт-Импорт банкінің Қазақстан Республикасының займ беру (Халықаралық Қайта жаңарту және даму банкінің құрылымдық өзгерістерді қолдауға арналған займымен қоса қаржыландыру) туралы 1995 жылғы 6 қыркүйекте қол қойылған және 60 миллион АҚШ долларына тең сомада кредит бөлуді көздейтін келісім бекітілсін.

2. Жапонияның Экспорт-Импорт банкінің Қазақстан Республикасына займ беруі (Халықаралық Валюта Қорының STAND-BY Бағдарламасымен қоса қаржыландыру) туралы 1995 жылғы 6 қыркүйекте қол қойылған және 90 миллион АҚШ долларына тең сомада кредит бөлуді көздейтін келісім бекітілсін.

3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Президенті